

Қазақстан Республикасында Мемлекеттік сатып алу жүйесін дамытудың 2001-2004 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 12 қазан N 1319

Мемлекеттік органдардың, өзгеде мемлекеттік мекемелердің, мемлекеттік кәсіпорындардың және акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуға бөлінетін қаражаттарын тиімді пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында мемлекеттік сатып

алу жүйесін дамытудың 2001-2004 жылдарға арналған тұжырымдамасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу жөніндегі комитеті бір айдың ішінде Қазақстан Республикасында мемлекеттік сатып алу жүйесін дамытудың 2001-2004 жылдарға арналған бағдарламасының жобасын әзірлесін және оны Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына ұсынсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2001 жылғы 12 қазандағы
N 1319 қаулысымен мақұлданған

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік
сатып алу жүйесін дамытудың
2001-2004 жылдарға арналған тұжырымдамасы

1. Кіріспе

Қазақстан Республикасында мемлекеттік сатып алу жүйесін қалыптастыру 1996 жылы мемлекет мұқтаждары үшін сатып алуды жүргізудің нақты рәсімдерін алғаш рет белгілеген Қазақстан Республикасы Үкіметінің бірқатар қаулылары қабылданған кезден басталды. Мемлекеттік сатып алу процесін және осы процестерді бақылайтын мемлекеттік құрылымдарды реттейтін нормативтік құқықтық базаны жасау мемлекеттік мұқтаждар үшін тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуға бағытталатын бюджет қаражатын жұмсаудың тиімділігін арттыру қажеттілігінен туындаған болатын. 1997-2000 жылдары қабылданған шаралар тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу көлемінің едәуір ұлғаюы жағдайында мемлекеттік сатып алу процестерін ұйымдастыруды қамтамасыз ете алған мемлекеттік сатып алудың жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Қазіргі уақытта ортаның өзгеріп отырған факторларын ескере отырып, мемлекеттік сатып алу саласын басқару мен ұйымдастырудың тәжірибесі негізінде әзірленген бағдарламалық құжаттарды жасау арқылы мемлекеттік сатып алу жүйесін одан әрі дамытудың негізгі бағыттары мен болашағын анықтаудың қажеттілігі пайда болды.

2. Мемлекеттік сатып алу саласының қазіргі жай-күйі

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" 1998 жылғы 28 қаңтардағы N 3834

U983834_ Жарлығына сәйкес стратегияның бірі ретінде "Салық және бюджет саясатының тиімділігін арттыру және бюджеттік тапшылықты инфляциялық емес қаржыландыру" сияқты осындай басымдықты іске асыру мемлекеттік шығыстарды ұ т ы м д ы е т у д і к ө з д е й д і .

Мемлекеттік шығыстардың құрылымында мемлекеттің мұқтаждары үшін сатып алу елеулі орын алатындықтан, аталған мақсатты іске асырудың бір жолы мемлекеттік сатып алу процесін үйлестіру мен мониторинг жүргізу процеске қатысушылардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын сақтауын бақылауды жүзеге асыру, осы процесті реттейтін нормативтік құқықтық базаны әзірлеу б о л ы п т а б ы л а д ы .

1998-2000 жылдар кезеңінде мемлекеттік сатып алудың көлемі 61,3 млрд. теңгеден 179 млрд. теңгеге дейін өсті, 2001 жылы 235 млрд. теңге сомасында мемлекеттік сатып

алуды жүзеге асыру жоспарланып отыр. Егер 1998 жылы сатып алу көлемі 33,6 млрд. теңге болатын 3166 конкурс өткізілген болса, ал 1999 жылы - 51,5 млрд. теңгенің сомасында 4491 конкурс, ал 2000 жылы сатып алу көлемі 100,9 млрд. теңге болатын 5919 конкурс өткізілді. Бұл ретте, осы уақыт ішінде бюджеттік қаражаттың шартты үнемделуі шамалы ғана 1998 жылғы 3,1 млрд. теңгеден 2000 жылы 5,1 млрд. теңгеге ғ а н а ө с т і .

Бұл, көбінесе мынаған байланысты болды: талданып отырған уақыт кезеңінде уәкілетті органның ресурстық мүмкіндіктері іс жүзінде арта қойған жоқ. Тұтас алғанда, Қазақстандағы мемлекеттік сатып алу жүйесін дамыту жөніндегі жұмыстарға оң баға бере отырып, сарапшылар сонымен бірге мемлекеттік сатып алу жүйесінің тиімділігін арттыру Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік сатып алуды реттеу, болжамдау және әкімшілік жүргізу үшін құқықтық және институционалдық базаны күшейтумен б і р г е жү р г і з і л у і т и і с .

Бүгінгі таңда, мемлекеттік сатып алу жөніндегі заңнамалық және әдіснамалық база, уәкілетті органның білікті қызметкерлері, бюджеттік бағдарламалары бар барлық әкімшілерінің жинақталған жұмыс тәжірибесі сияқты осындай факторлардың болуы Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік сатып алу жүйесін одан әрі дамыту тұжырымдамасын әзірлеуге мүмкіндік береді.

3. Проблемалар және оларды тұжырымдамалық шешудің қажеттілігін негіздеу

Мемлекеттік сатып алу процесінің ұйымдастырылуына талдау жасау, өткен кезендерде өткізілген конкурстардың қорытындылары, тапсырыс берушілер болсын, сол сияқты ықтимал берушілер болсын түсініктеме беруге жасаған көптеген өтініштері қолданылып жүрген заңнамамен реттелмейтін көптеген мәселенің бар екендігін көрсетті, мұның өзі өткізілген конкурстардың жеткілікті ашық еместігіне және қол жете бермейтініне, оларды өткізу кезінде нақты бәсекелестіктің болмауына байланысты проблемалар туғызып отыр. Мұның бәрі, конкурстық рәсімдердің бұзылуына, жарияланған конкурстардың өткізілмеуіне септігін тигізеді және осының салдарынан бір көзден ғана сатып алу жасауға әкеліп соғады. Бұл ретте, әдетте, бір көзден сатып алу кезінде бағалар конкурстық негізде сатып алу негіздегіден гөрі әлде қайда жоғары.

Сонымен, мемлекеттік сатып алу жүйесінің тиімділігін арттырудың бүгінгі күнгі кезеңінде мынадай анықталған проблемаларды шешуге тұжырымдамалық көзқарасты т а л а п е т е д і :

- мемлекеттік сатып алу процесінің барлық кезеңін реттейтін нормативтік құқықтық б а з а н ы ң ж е т і л д і р і л м е г е н і ;

- бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің номенклатурасын, көлемін, оларды

берудің мерзімдерін, сондай-ақ сатып алу тәсілдерін жоспарлаудың сапасының төмен деңгейі ;

- конкурстық комиссия мүшелерінің, тапсырыс берушілер мен конкурстарды ұйымдастырушы жауапты адамдардың біліктілігінің жеткіліксіздігі, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу процесінде орын алған сыбайлас жемқорлыққа байланысты кұқық бұзушылықтар ;

- ықтимал өнім берушілердің өткізілетін мемлекеттік сатып алу туралы нашар хабардар болуы және олардың соларға қол жеткізуінің шектеулілігі;

- жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің сатып алу көлемінің ұлғаюы және уәкілетті органның аумақтық құрылымдарының болмауы;

- мемлекеттік сатып алуға жұмсалатын бюджеттік қаражатты пайдаланудың мониторингі мен талдаудың автоматтандырылған жүйесінің болмауы.

Жоғарыда санамаланған проблемалар, сондай-ақ әдіснамалық және түсіндірмелік жұмыстардың әлсіз болуы, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерінің қызметкерлері болсын, сол сияқты ықтимал берушілердің қызметкерлері болсын консультация алуға және оқуға мүмкіндігі болмауы бүкіл мемлекеттік сатып алу жүйесінің республиканың экономикасындағы өзгерістерге уақытында және барабар ден қоюына және мемлекеттік сатып алудың заңнамалық рәсімдерін бұзудың көптеген фактілерінің жолын кесуге дайын болмауына әкеліп соғады.

4. Мемлекеттік сатып алу жүйесін дамытудың негізгі жолдары

Мемлекеттік сатып алу елдің тіршілігінің аса маңызды салаларын ескере отырып, мемлекеттік сатып алу жүйесін жетілдіру және оның тиімді жұмыс істеуі көкейкесті проблема болып табылады .

Осыны негізге ала отырып, осы Тұжырымдаманың басты мақсаты өзгеріп отырған ішкі және сыртқы жағдайларға сәйкес келуі барабар ден қоюы тиіс мемлекеттік сатып алу жүйесін дамытудың жолдарын анықтау болып табылады, бұл ретте мемлекеттік бюджеттің, мемлекеттік кәсіпорындардың және акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың қаражаттарын оңтайлы және тиімді жұмсау қамтамасыз етіледі .

Мемлекеттік сатып алу жүйесін одан әрі дамытудың жолдарын анықтаған кезде оның бюджеттік бағдарламаларды жоспарлауды жетілдіру, бәсекелестікті дамыту және шағын бизнесті қолдау, ақпараттық технологияларды енгізу, аймақтық дамыту мәселелерімен өзара тығыз байланысты екендігін ескерген жөн. Қазақстанда мемлекеттік сатып алудың қазіргі негізгі проблемаларын және тұтас алғанда экономикалық жүйенің даму үрдістерін талдау орташа мерзімді болашақта мемлекеттік сатып алу жүйесін жетілдірудің мынадай негізгі жолдарын анықтауға мүмкіндік берді:

- мемлекеттік сатып алудың негізгі әдісі ретінде конкурстарды ұйымдастыру мен

өткізу процестерін жіті регламенттеуге бағытталған "Мемлекеттік сатып алу туралы" жаңа заңның жобасын және тиісті нормативтік құқықтық кесімдерді әзірлеу арқылы заңнамалық базаны жетілдіру, осы сатып алудың ашықтығы және қол жеткізуге оңайлығы, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтардың алдын алу, өздері билік ететін ақшаның есебінен мемлекеттік кәсіпорындардың, сондай-ақ акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуға заңның күшін қолдануды к е ң і н е н т а р а т у ;

- қажетті ресурстармен уәкілетті органды институционалдық нығайту, бұл мемлекеттік органдардың, өзге де мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік кәсіпорындардың және акционерлік қоғамдардың жүзеге асыратын мемлекеттік сатып алуларын үйлестіру, мониторингі мен бақылау жөніндегі жұмыс көлемінің едәуір артуымен жұмыс істей алуына мүмкіндік береді. 1997-2000 жылдар кезеңінде мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен сатып алудың жалпы көлеміндегі жергілікті бюджеттердің үлесі 1997 жылғы 39%-дан 2000 жылғы 64%-ға дейін едәуір өсті. Жергілікті бюджет бағдарламалары әкімшілерінің сатып алу көлемінің ұлғаюы және жергілікті жерлерде тиісті әдіснамалық жұмыстардың, оқытудың және мемлекеттік сатып алу туралы заңнамамен көзделген рәсімдердің дұрыс орындалуын бақылаудың болмауы бүгінгі таңда жұмыс істеп отырған мемлекеттік сатып алу жүйесінің кемшілігі болып табылады, сондықтан қазіргі уақытта рәсімдердің дұрыс орындалуын қамтамасыз етудің мүмкін тәсілдерінің бірі - уәкілетті органның аумақтық басқармаларын құру болып табылады;

- мемлекеттік сатып алудың есептілігі пен мониторингінің, сондай-ақ уәкілетті органның Web-сайтын құру және қолдау арқылы қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды енгізу. Мониторингтің автоматтандырылған жүйесі жүргізілген сатып алудың нәтижелерін жинауға және талдауға мүмкіндік беріп қана қоймайды, сондай-ақ жоспарланып отырған сатып алу туралы бүкіл ақпаратты, алдағы уақытта өткізілетін конкурстар, конкурстық құжаттамалар және т.б. туралы хабарландыруларды қамтиды, мұның өзі уәкілетті органға мемлекеттік сатып алуды өткізу барысында жол берілетін барлық тәртіп бұзушылықтарға конкурстық құжаттамаларды даярлау кезеңінде-ақ жедел ден қоюға мүмкіндік береді. Бұл барлық ықтимал берушілердің мейлінше хабардар болуына, ашықтығына және қол жеткізуді оңайлатуға жағдай жасайды және іс жүзінде шынайы бәсекелестікті қамтамасыз етеді. Болашақта мемлекеттік сатып алу мониторингінің автоматтандырылған жүйесі басқа да мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен бірлесе отырып, мемлекеттік бюджеттің атқарылуына жауап беретін мемлекеттік органдардың біріктірілген ақпараттық-телекоммуникациялық жүйесінің бір бөлігіне айналуы тиіс. Автоматтандырылған жүйенің ақпараты негізінде мемлекеттік сатып алу жөніндегі бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің паспорты әзірленеді, мұнда тұрақты жүйелі

талдаудың негізінде негізгі проблемаларды және кейіннен уәкілетті органның тарабынан консультациялар үшін жол берілген қателіктерді баса көрсете отырып, мемлекеттік сатып алу саласындағы олардың қызметінің нәтижелері көрсетіледі;

- мемлекеттік сатып алу жүйесінде жұмыс істеу үшін оқыту, біліктілікті көтеру және аттестаттау жүйесін ұйымдастыру арқылы кадрлар даярлау. Таяу уақытта конкурстық комиссиялардың мүшелері мен мемлекеттік сатып алу мәселесімен айналысатын мамандандырылған құрылымдардың қызметкерлері үшін оқу ұйымдастыру, ал болашақта мемлекеттік кәсіпорындар мен акцияларының мемлекеттік пакеті мемлекеттік тиесілі акционерлік қоғамдарда мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың күшін қолдануға байланысты осы салада мамандар даярлау жөніндегі мемлекеттік тапсырысты енгізу туралы мәселе пысықталатын болады;

- электрондық сауда-саттықтар жүйесін құруға және енгізуге дайындық. Болашақта конкурстық негізде жүзеге асырылатын мемлекеттік сатып алу саласында электрондық аукциондар және тендерлер тетігін енгізу қағаз құжат айналымын едәуір қысқартуға мүмкіндік береді, сатып алу процесін неғұрлым жария және ашық етеді.

Жоғарыда айтылған міндеттерді шешу мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен өткізудегі бүгінгі күні орын алған кемшіліктерді жоюға жәрдемдеседі, электрондық сауда-саттықтардың қазіргі заманғы инфрақұрылымын құруға жағдай жасайды, сондай-ақ Қазақстанның алдағы уақытта Дүниежүзілік Сауда Ұйымына (ДСҰ) кіруіне байланысты мемлекеттік сатып алу жүйесін бейімдеу проблемасын шешуге көмектеседі.

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.